

БЕКІТІЛДІ:
құрылтайшылардың жалпы
жиналысының №1 хаттамасымен
08.10.2024 ж.

УТВЕРЖДЕН:
Протоколом №1 общего
собрания учредителей
от 08.10.2024 г.



**«ҮБЫРАИЖОЛҮ» қоғамдық қорының
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
общественного фонда «ҮБЫРАИЖОЛҮ»**

Астана қаласы
2024 ж.

город Астана
2024 г.

№	1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	Глава 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
1.1.	«ҮБҮРАИЈОЛҮ» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) – мүшелігі жоқ, азаматтар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық-пайдалы мақсаттарды көздейтін коммерциялық емес ұйым.	Общественный фонд «ҮБҮРАИЈОЛҮ» (далее – Фонд) – не имеющая членства некоммерческая организация, учрежденная гражданами на основе добровольных имущественных взносов, преследующая социальные, благотворительные, культурные, образовательные и иные общественно-полезные цели.
1.2.	Қор Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қайырымдылық туралы» Заңдарына сәйкес құрылған.	Фонд создан в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», «О благотворительности».
1.3.	<p>Қор өз қызметінің мақсаты ретінде Қордың құрылтайшылары мен қызметкерлері арасында олардың кірістері ретінде бөлу үшін пайда табуы жоқ заңды тұлға болып табылады. Қор қызметінің нәтижесінде табыс алған жағдайда ол жарғылық мақсаттарды іске асыруға жіберілуге тиіс.</p> <p>Қор мүлікті оның жарғысында белгіленген мақсаттар үшін пайдаланады.</p> <p>Қор өзі үшін қор құрылған қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті және осы мақсаттарға сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін Қор шаруашылық қоғам құруға немесе оларға қатысуға құқылы.</p>	<p>Фонд является юридическим лицом, не имеющем в качестве цели своей деятельности извлечение прибыли для ее распределения между Учредителями и работниками Фонда в качестве их доходов. В случае получения дохода в результате деятельности Фонда он должен направляться на реализацию уставных целей.</p> <p>Фонд использует имущество для целей, определенных в его уставе.</p> <p>Фонд вправе заниматься предпринимательской деятельностью, необходимой для достижения общественно полезных целей, ради которых создан Фонд, и соответствующей этим целям. Для осуществления предпринимательской деятельности Фонд вправе создавать хозяйственные общества или участвовать в них.</p>
1.4.	Құрылтайшылар өздері құрған Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қор өз құрылтайшыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.	Учредители не отвечают по обязательствам созданного ими Фонда, а Фонд не отвечает по обязательствам своих Учредителей.
1.5.	Қордың оқшауланған мүлкі, дербес балансы, шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және міндеттер атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады, жарғылық мақсаттар мен қызмет нысанасына сәйкес өзге де іс-әрекеттер жасай алады. Қордың атауы жазылған мөрі	Фонд имеет обособленное имущество, самостоятельный баланс, счета, может от своего имени приобретать имущественные и личные неимущественные права и нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде, совершать иные действия в соответствии с уставными целями и предметом деятельности. Фонд имеет печать

	мен мөртаңбасы, бланкілері болады.	и штамп со своим наименованием, бланки.
1.6.	<p>Қордың Атауы:</p> <p>Мемлекеттік тілде:</p> <p>Толық: «ҮБЫРАИЈОЛҮ» қоғамдық қоры.</p> <p>Қысқаша: «ҮБЫРАИЈОЛҮ» ҚҚ.</p> <p>Орыс тілінде:</p> <p>Толық: общественный фонд «ҮБЫРАИЈОЛҮ».</p> <p>Қысқаша: ОФ «ҮБЫРАИЈОЛҮ».</p>	<p>Наименование Фонда:</p> <p>На государственном языке:</p> <p>Полное: «ҮБЫРАИЈОЛҮ» қоғамдық қоры.</p> <p>Краткое: «ҮБЫРАИЈОЛҮ» ҚҚ.</p> <p>На русском языке:</p> <p>Полное: общественный фонд «ҮБЫРАИЈОЛҮ».</p> <p>Краткое: ОФ «ҮБЫРАИЈОЛҮ».</p>
1.7.	<p>Қордың орналасқан жері:</p> <p>Занды мен нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 23А үй, 40 тұрғын емес үй-жай, пошталық индекс 010000.</p>	<p>Место нахождения Фонда:</p> <p>Юридический и фактический адрес: Республика Казахстан, город Астана, район Алматы, улица Шәмші Қалдаяқов, дом 23А, нежилое помещение 40, почтовый индекс 010000.</p>
1.8.	Қордың қызмет мерзімі шектелмеген.	Срок деятельности Фонда не ограничен.
	2-ТАРАУ. ҚОРДЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ	Глава 2. УЧРЕДИТЕЛИ ФОНДА
2.1.	Қордың құрылтайшылары Қазақстан Республикасының азаматтары:	Учредителями фонда являются граждане Республики Казахстан:
2.1.1.	- Даданбаев Шыңғыс Серикболович (ЖСН 910305350543, жеке куәлігі № 047145702, 05.01.2020 ж. Қ.Р. ІІМ берілді), мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды обл., Балқаш қ., Қаныш Сәтбаев ш/а, 6 үй, 45 пәтер.	- Даданбаев Шыңғыс Серикболович (ИИН 910305350543, удостоверение личности № 047145702 от 05.01.2020 г. выдано МВД РК), проживающая по адресу: Республика Казахстан, Карагандинская обл., г. Балхаш, мкр. Каныша Сатпаева, д. 6, кв. 45.
2.1.2.	- Темірбаев Жақсылық Әлібекұлы (ЖСН 020910500093, жеке куәлігі № 045186008, 05.12.2018 ж. Қ.Р. ІІМ берілді), мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қордай көшесі, 87 үй, 81 пәтер.	- Темірбаев Жақсылық Әлібекұлы (ИИН 020910500093, удостоверение личности № 045186008 от 05.12.2018 г. выдано МВД РК), проживающий по адресу: Республика Казахстан, г.Астана, ул.Кордай, 87 дом, 81 квартира.
2.2.	Қордың құрылтайшылары бұдан әрі мәтін бойынша «Құрылтайшы» деп аталады.	Учредители Фонда далее по тексту именуются «Учредитель».
	3-ТАРАУ. ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ	ГЛАВА 3. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФОНДА
3.1.	Қор қызметінің мақсаты:	Целью деятельности Фонда является:

3.1.1.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың білім алуға деген құштарлығын ояту, сондай-ақ оларды білім кеңістігіне және қоғамға қор арқылы ықпалдастыру.	Пробуждение стремления к образованию детей, потерявших опеку родителей, а также интеграция их фондом в образовательное пространство и общество.
3.2.	Қор қызметінің мәні:	Предметом деятельности Фонда является:
3.2.1.	балаларды қосымша білім беру орталықтарына жолдап, қажет құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;	направлять детей в центры дополнительного образования и обеспечивать необходимым оборудованием;
3.2.2.	сабақ үлгерімін қадағалап әрі қоғамға бейімделуі үшін ментор-профориентологтарды жұмылдыру;	мобилизация менторов-профориентологов для контроля успеваемости и адаптации к обществу;
3.2.3.	қоғамда қайырымдылық мәдениетін қалыптастырып, бірлесе әрекет етуге итермелеу;	создание культуры благотворительности в обществе и поощрение их к совместным действиям;
3.2.4.	әр баланың оқуға деген ынтасын ашу арқылы қоғамда өз орнын табуға жағдай жасау;	создание возможностей для каждого ребенка найти свое место в обществе, открыв желание учиться;
3.2.5.	жастар ұйымдары мен әлеуметтік белсенділікке, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға, қоғамдық өмірге қатысуға бағытталған жобаларды қолдау;	поддержка молодежных организаций и проектов, направленных на социальную активность, развитие лидерских качеств, и участие в общественной жизни;
3.2.6.	қашықтан оқытуды, тәлімгерлікті және жұмысқа негізделген білім беруді қоса алғанда, әртүрлі оқу стильдері мен студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқу бағдарламаларын құру;	создание программ обучения, которые учитывают разнообразные стили обучения и потребности учащихся, в том числе дистанционное обучение, менторство, и образование на рабочем месте;
3.2.7.	балалардың теңдей білім, тәрбие, мүмкіндік алуын қамтамасыз ету;	обеспечение того, чтобы дети получали равное образование, воспитание и возможности;
3.2.8.	қоғамда қайырымдылық мәдениет қалыптастырып, кез келген адамды үлес қосуға шақыру;	создание культуры благотворительности в обществе и приглашение каждого внести свой вклад;
3.3.	Мәнінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қор мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:	Для обеспечения выполнения предмета Фонд осуществляет следующие виды деятельности:
3.3.1.	гранттық қолдау: ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларға гранттар беру;	грантовая поддержка: предоставление грантов для детей, потерявших опеку родителей;
3.3.2.	білім беру бағдарламалары: балаларға, мұғалімдерге және занды өкілдерге білім беру іс-шараларын, семинарларды, лекциялар мен практикумдарды ұйымдастыру;	образовательные программы: организация образовательных мероприятий, семинаров, лекций и воркшопов для детей, учителей и законных представителей;

3.3.3.	ғылыми жобалар: инновациялық шешімдерді табу және тәжірибені жақсарту үшін білім беру және жастар саласындағы зерттеулерді қаржыландыру және қолдау;	исследовательские проекты: финансирование и поддержка научных исследований в области образования и молодежи для поиска инновационных решений и улучшения практик;
3.3.4.	адвокация және әлеуметтік әсер: ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қоғамдық іс-шараларға қатысу, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда лобби жасау арқылы тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің маңыздылығын арттыру;	адвокация и общественное воздействие: продвижение важности образования и социализации детей, потерявших опеку родителей через участие в общественной деятельности, а также лоббирование в правительственных и общественных структурах;
3.3.5.	оқыту, сауықтыру, әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу, осы бағдарламаларды іс жүзінде енгізу. Тақырыптық кино және бейнеөнімдерді жасау және тарату;	обучение, реабилитация, разработка социальных программ, реализация этих программ. Создание и распространение тематической кино- и видеопродукции;
3.3.6.	оңалту, әлеуметтік бейімдеу және психологиялық түзету орталықтарын құру;	создание центров реабилитации, социальной адаптации и психологической коррекции;
3.3.7.	ғылыми зерттеу орталықтарын, ЖОО мекемелерін салу және оларды басқару;	строительство научно-исследовательских центров, вузовских учреждений и управление ими;
3.3.8.	мектептерге және ЖОО-на қолдау көрсету;	поддержка школ и вузов;
3.3.9.	ғылымды дамыту және білімнің қолжетімділігі мақсатында кітапханалар мен кітап дүкендерін ашу;	открытие библиотек и книжных магазинов в целях развития науки и доступности образования;
3.3.10.	қор өзінің жалғылық мақсаттарындағы жобаларға қол жеткізу үшін отандық, шетелдік және халықаралық қорлар, мекемелер, банктер және жеке тұлғалардан заттай және қаржылай қайырымдылық қайтарымсыз инвестициялық көмек тарту;	для реализации собственных проектов, фонд привлекает безвозмездную инвестиционную помощь от отечественных, зарубежных и международных фондов, учреждений, банков и физических лиц в натуральной и денежной форме;
3.3.11	Егер қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен қажетті рұқсат (лицензия) алу қажеттігі белгіленсе, Қор мұндай қызметті қажетті рұқсат (лицензия) алғаннан кейін ғана жүзеге асыратын болады.	Если для осуществления отдельных видов деятельности законодательством Республики Казахстан установлена необходимость получения необходимого разрешения (лицензии), Фонд будет осуществлять такую деятельность только после получения необходимого разрешения (лицензии).
3.4.	Қордың негізгі міндеттері:	Основными задачами Фонда являются:
3.4.1.	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың білім алуға, әлеуметтенуге деген құштарлығын ояту.	Пробуждение стремления к образованию и социализации детей, потерявших опеку родителей.
3.5.	Қор құқылы:	Фонд имеет право на:

3.5.1.	кредиттер, гранттар, субсидиялар, дотациялар, өзге де мүліктік қолдау алу;	получение кредитов, грантов, субсидий, дотаций, иной имущественной поддержки;
3.5.2.	тартылатын субсидияларды, кредиттерді, гранттарды, дотацияларды осы Жарғыда көзделген мақсаттарға жіберу;	направление привлекаемых субсидий, кредитов, грантов, дотаций на цели, предусмотренные настоящим Уставом;
3.5.3.	Қазақстан Республикасының заң актілерімен Қор айналысуға құқылы қызмет түрлеріне шектеулер белгіленуі мүмкін.	Законодательными актами Республики Казахстан могут устанавливаться ограничения на виды деятельности, которыми вправе заниматься Фонд.
4-ТАРАУ. ҚОР ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ		ГЛАВА 4. ПРАВА И ОБЯЗАНОСТИ УЧРЕДИТЕЛЕЙ ФОНДА
4.1.	Қор құрылтайшысы құқылы:	Учредитель фонда имеет право:
4.1.1	Қордың атқарушы органына сайлануға және оны сайлауға;	Избирать и быть избранным в исполнительные органы Фонда;
4.1.2.	Қолданыстағы заңнамамен және құрылтайшылық құжаттармен қарастырылған тәртіп бойынша Қор істерін басқаруға қатысуға;	Участвовать в управлении делами Фонда в порядке, предусмотренном действующим законодательством и учредительными документами Фонда;
4.1.3.	Қор қызметі туралы ақпаратты алуға және оның бухгалтерлік және Қордың құрылтайшылық құжаттарымен қарастырылған басқадай құжаттармен танысуға;	Получать информацию о деятельности фонда; и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией, предусмотренной учредительными документами Фонда;
4.1.4.	Қор қызметіне қатысуға, Қор қызметіне байланысты барлық мәселелерін еркін талқылауға;	Участвовать в деятельности Фонда, выдвигать и свободно обсуждать все вопросы, связанные с деятельностью Фонда, давать оценку работе выбранных органов, получать любую информацию об их деятельности;
4.1.5.	Қордың ішкі құжаттарымен қарастырылған қосымша жеңілдіктермен өтемақылар алуға;	На дополнительные льготы, и компенсации, предусмотренные внутренними документами Фонда;
4.1.6.	Қордан жеке жазбаша өтініш бойынша еркін шығуға.	На свободный выход из фонда по личному письменному заявлению.
4.2.	Қор құрылтайшысы міндетті:	Учредитель фонда обязан:
4.2.1.	Қордың ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте, мөлшерлерде және мерзімдерде салым салуға;	вносить вклад в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные учредительными документами фонда;
4.2.2.	Қор қызметіне белсенді түрде қатысуға;	активно участвовать в деятельности Фонда;
4.2.3.	Қор жарғысын және құрылтайшылық шарт талаптарын сақтауға, Қордың басқару органдарының шешімдерін орындауға;	соблюдать Устав и требования учредительного договора Фонда, выполнить решение органов управления Фонда;

4.2.4.	Қорға зиян келтіретін іс-әрекеттерге мүмкіндік бермеуге.	не допускать действий, приносящих вред Фонду.
	5-ТАРАУ. ҚОРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ	ГЛАВА 5. ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ФОНДА
5.1.	Қор жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы.	Фонд вправе осуществлять предпринимательскую деятельность, способствующую достижению уставных целей не противоречащую законодательству Республики Казахстан.
5.2.	Қордың кәсіпкерлік қызметінен түсетін табыстар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық салуға жатады.	Доходы от предпринимательской деятельности Фонда подлежат налогообложению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
5.3.	Кәсіпкерлік қызметтен алынған табыс құрылтайшының меншігіне түспейді, өзге тұлғалар арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға пайдаланылады.	Доход, полученный от предпринимательской деятельности, не поступает в собственность учредителя, не распределяется между иными лицами, и используется на уставные цели.
	6-ТАРАУ. ҚОРДЫ БАСҚАРУ	ГЛАВА 6. УПРАВЛЕНИЕ ФОНДОМ
6.1.	Қордың басқару және бақылау органдары:	Органами управления и контроля Фонда являются:
6.2.	Жоғары басқару органы – Құрылтайшылардың жалпы жиналысы; Алқалы орган – Қордың Қамқорлық кеңесі; Атқарушы орган – Қордың Директоры; Бақылаушы орган – Ревизор.	Высший орган управления – Общее собрание учредителей; Коллегиальный орган управления – Попечительский Совет; Исполнительный орган – Директор Фонда; Контрольный орган – Ревизор.
6.3.	Жоғары басқару органының ерекше құзыретіне мәселелер жатады:	К исключительной компетенции высшего органа управления относятся вопросы:
6.3.1.	Қордың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қабылдау;	принятия, внесения изменений и дополнений в учредительные документы Фонда;
6.3.2.	Қорды ерікті қайта ұйымдастыру және тарату;	добровольной реорганизации и ликвидации Фонда;
6.3.3.	коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;	определения компетенции, организационной структуры, порядка формирования и прекращения полномочий органов управления некоммерческой организации;
6.3.4.	атқарушы органдардың қаржылық есептілігін беру тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін айқындау және олардың нәтижелерін бекіту;	определение порядка и периодичности предоставления финансовой отчетности исполнительных органов, а также порядка проведения проверки контрольным органом и утверждение их результатов;

6.3.5.	заң актілерінде белгіленген шектерде Қордың басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;	принятие в пределах, установленных законодательными актами, решение об участии Фонда в создании или деятельности других юридических лиц, а также своих филиалов и представительств;
6.3.6.	сондай-ақ заң актілеріне сәйкес Қор қызметінің басқа да мәселелері.	а также другие вопросы деятельности Фонда в соответствии с законодательными актами.
6.3.7.	<p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Қор жарғысында бекітілген өкілеттіктерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін жоғары басқару органы болып табылады.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Қордың төрағасынан, хатшысынан және құрылтайшыларынан, кем дегенде 2 адамнан тұрады.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының жиналыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының жиналысын өткізу үшін кворум дауыс беруге қатысқан құрылтайшылардың жалпы жиналысы мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімдері жиналысқа қатысқан мүшелер санының жай көпшілік даусымен қабылданады.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының әрбір мүшесі бір дауысқа ие.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының бір мүшесінің дауыстарын басқа мүшеге немесе үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.</p> <p>Егер құрылтайшылардың жалпы жиналысының мүшесі құрылтайшылардың жалпы жиналысының отырыстарына қатыса алмаса, ол күн тәртібіндегі мәселе бойынша жазбаша пікір жолдау арқылы дауыс беруге құқылы.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімдері құрылтайшылардың жалпы жиналысының хаттамасымен ресімделеді және оған құрылтайшылардың жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы қол қояды.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының төрағасы құрылтайшылардың жалпы жиналысының отырыстарында төрағалық етеді, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген өзге де функцияларды орындайды.</p>	<p>Общее собрание учредителей является постоянно действующим высшим органом управления, осуществляющим полномочия, закрепленные уставом Фонда, а также иные полномочия в соответствии с законодательством РК.</p> <p>Общее собрание учредителей состоит из Председателя, Секретаря и учредителей Фонда, не менее 2 лиц.</p> <p>Заседания общего собрания учредителей проводятся по мере необходимости.</p> <p>Члены общего собрания учредителей осуществляют свою деятельность на общественных началах.</p> <p>Кворум для проведения заседания общего собрания учредителей составляет не менее половины от общего количества членов общего собрания учредителей, принимающих участие в голосовании.</p> <p>Решения общим собранием учредителей принимаются простым большинством голосов от количества присутствующих на заседании членов.</p> <p>Каждый член общего собрания учредителей обладает одним голосом. Передача голоса одним членом общего собрания учредителей другому члену либо третьим лицам запрещается.</p> <p>В случае если член общего собрания учредителей не может принять участие в заседаниях общего собрания учредителей, он вправе проголосовать путем направления письменного мнения по повестке дня.</p> <p>Решения общего собрания учредителей оформляются протоколом общего собрания учредителей и подписываются Председателем и секретарём общего собрания учредителей.</p> <p>Председатель общего собрания учредителей председательствует на заседаниях общего собрания учредителей, а также осуществляет иные функции, предусмотренные настоящим Уставом. При равном количестве голосов, голос председателя общего собрания учредителей является решающим.</p> <p>Председатель общего собрания учредителей вправе передавать свои полномочия председателю общего собрания учредителей</p>

	<p>Дауыстар саны тең болған жағдайда құрылтайшылардың жалпы жиналысы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының төрағасы құрылтайшылардың жалпы жиналысының төрағасы ретіндегі өз өкілеттіктерін құрылтайшылардың жалпы жиналысының басқа мүшесіне беруге құқылы.</p> <p>Құрылтайшылардың жалпы жиналысының хатшысы құрылтайшылардың жалпы жиналысының жұмысын ұйымдастырады және құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша өзге де функцияларды орындайды.</p>	<p>другому члену общего собрания учредителей.</p> <p>Секретарь общего собрания учредителей организует работу общего собрания учредителей и осуществляет иные функции по решению общего собрания учредителей.</p>
6.3.8.	<p>Қамқоршылық кеңестің құзыретіне мәселелер кіреді:</p> <p>Қор жұмысының ашықтығын және бақылауға қабілеттілігін қамтамасыз ету;</p> <p>жоғары басқару органының бекітуіне тиісті ұсынымдарды енгізу;</p> <p>Қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;</p> <p>Қор Директорын лауазымына тағайындау және босату;</p> <p>Директордың есебін қарау, Директордың жұмысын функционалдық міндеттердің орындалуына қарай бақылау;</p> <p>Жоғары басқару органының тікелей құзыретіне кірмейтін өзге де мәселелерді қарастыру.</p>	<p>К компетенции Попечительского Совета относятся вопросы:</p> <p>обеспечение открытости и подконтрольности работы Фонда;</p> <p>внесение на утверждение Высшего органа управления соответствующие рекомендации;</p> <p>осуществление контроля за соответствием деятельности Фонда его уставным целям;</p> <p>назначение и освобождение от должности Директора Фонда;</p> <p>рассмотрение отчетов Директора, контроль за работой Директора по выполнению функциональных обязанностей;</p> <p>рассмотрение иных вопросов, не отнесенных к исключительной компетенции высшего органа управления.</p>
6.3.9.	<p>Қамқоршылық кеңестің мүшелерін Құрылтайшылардың жалпы жиналысы 3 (үш) жыл мерзімге анықтайды.</p>	<p>Количество членов Попечительского Совета определяется Общим собранием учредителей сроком на 3 (три) года.</p>
6.4.	<p>Қамқоршылық кеңес құру, Қамқоршылық кеңес мүшелерін бекіту қордың Қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен жүргізеді.</p>	<p>Формирование Попечительского Совета, утверждение членов Попечительского Совета производится решением Общего собрания участников фонда.</p>
6.5.	<p>Қамқоршылық кеңес тоқсанына кемінде бір рет жиналады. Қамқоршылық кеңестің отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, жарамды деп есептеледі. Қамқоршылық кеңестің отырысында хаттамалар жүргізіледі, оған барлық қатысқан мүшелер қол қояды.</p>	<p>Попечительский Совет собирается не реже одного раза в квартал. Заседание Попечительского Совета считается действительным, если на нем присутствуют не менее половины его членов. На заседании Попечительского Совета ведутся протоколы, которые подписываются всеми присутствующими его членами.</p>
6.6.	<p>Қамқоршылық кеңестің қарауына мәселелер енгізу құқығы құрылтайшылына, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне, Қор Директорыне, Қордың басқа да</p>	<p>Право вносить вопросы на рассмотрение Попечительского Совета принадлежит Учредителю, членам Попечительского Совета, Директору Фонда.</p>

	органдарына тиесілі.	
6.7.	Қамқоршылық кеңесінің шешімі бірауыздан қабылданады.	Решения Попечительского Совета принимаются единогласно.
6.8.	Қордың Директорын Қамқоршылық кеңесі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.	Директор Фонда назначается и освобождается от должности Попечительским Советом.
6.9.	Қордың атқарушы органы – Директор, үш жыл мерзімге сайланады, тұрақты жұмыс істейтін басшы органның функцияларын орындайды. Директор Қордың Қамқоршылар кеңесінің бірауыздан шешімімен тағайындалады және босатылады. Қор Директоры Қамқоршылар кеңесіне есеп береді. Директор Қордың қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады, Қамқоршылар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын мәселелерді, оның ішінде:	Исполнительный орган Фонда – Директор, избирается сроком на три года, выполняет функции постоянно действующего руководящего органа. Директор назначается и освобождается единогласным решением Попечительского Совета Фонда. Директор Фонда подотчетен Попечительскому Совету. Директор осуществляет текущее руководство деятельностью Фонда, решает вопросы, которые не относятся к исключительной Компетенции Попечительского Совета, в том числе:
6.9.1.	Қамқоршылар кеңесі белгілеген мөлшерде ақша қаражатына иелік етеді;	распоряжается денежными средствами, в размерах, определенных Попечительским советом Фонда;
6.9.2.	Келісім шарттар, контракттар және т.б. жасасады;	заключает договоры, контракты и т.д.
6.9.3.	қордың атынан құжаттарға қол қояды;	подписывает документы от имени Фонда;
6.9.4.	мемлекеттік органдар мен соттарды қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қатынастарда Қор атынан сенімхатсыз өкілдік етеді; Қор атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, сондай-ақ қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді;	представляет Фонд без доверенности в отношениях с третьими лицами, включая государственные органы и суды; выдает доверенности на право представлять Фонд, а также доверенности с правом передоверия;
6.9.5.	банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар ашады;	открывает в банках расчетные и иные счета;
6.9.6.	Қор қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрық шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды;	в отношении работников Фонда издает приказ об их назначении на должность, переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда;
6.9.7.	қаражаттың мақсатты жұмсалыуына және мүлікті пайдалануға жауап береді;	отвечает за целевое расходование средств и использование имущества;
6.9.8.	өз құзыреті шегінде басқа да функцияларды орындайды.	выполняет другие функции в пределах своей компетенции.
6.10.	Қор Директоры іс жүзінде бас тартудан үш ай бұрын бұл туралы Қамқоршылар кеңесіне жазбаша түрде хабарлап, кез келген уақытта міндеттерді орындаудан бас	Директор Фонда вправе в любое время отказаться от исполнения обязанностей, поставив в известность об этом Попечительский совет Фонда в письменной

	тартуға құқылы.	форме за три месяца до фактического отказа.
6.11.	Қордың Қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ревизор тағайындайды. Тексерушінің өкілеттік мерзімі-2 (екі) жыл. Қор Директоры Ревизор бола алмайды. Тексеруші тек Құрылтайшылардың жалпы жиналысына есеп береді.	Для осуществления контроля над финансово-хозяйственной деятельностью Фонда, Общим собранием учредителей Фонда назначается Ревизор. Срок полномочий Ревизора – 2 (два) года. Директор Фонда не может быть Ревизором. Ревизор подотчетен только Общему собранию учредителей Фонда.
6.12.	Ревизор жыл сайынғы жоспарлы ревизиялар жүргізеді және Құрылтайшылардың жалпы жиналысының алдында есеп береді. Құрылтайшылардың жалпы жиналысы жоспардан тыс тексерулер мен ревизиялар жүргізілуі мүмкін.	Ревизор проводит ежегодные плановые ревизии и отчитывается перед Общим собранием учредителей Фонда. По решению Общего собрания учредителей могут быть проведены и внеплановые проверки и ревизии.
6.13.	Ревизор Қордың жергілікті жерлердегі барлық мүлкін тексеріп-қарауды және тексеруді және жыл бойы жүргізілген жұмыстарды, сондай-ақ Қордың тиісті шығыстарын тексеруді жүргізе алады. Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ревизорға қажетті көмек көрсетуге міндетті.	Ревизор может производить осмотр и ревизию всего имущества Фонда на местах и проверку произведенных в течение года работ, равно как и соответствующих расходов Фонда. Общее собрание учредителей обязано содействовать Ревизору.
	7-ТАРАУ. ҚОРДЫҢ МҮЛКІ	ГЛАВА 7. ИМУЩЕСТВО ФОНДА
7.1.	Қор заңдарда белгіленген тәртіппен меншігінде осы Жарғыда көзделген қордың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, техникалық, ақша қаражаты және өзге де мүлік болуы мүмкін.	Фонд в порядке, определяемым законодательством, может иметь в собственности здания, сооружения, оборудование, технические, денежные средства и иное имущество, необходимое для обеспечения деятельности Фонда, предусмотренной настоящим Уставом.
7.2.	Ақша қаражаты мен өзге де мүлікті қалыптастыру көзі:	Источником формирования денежных средств и иного имущества являются:
7.2.1.	қор құрылтайшыларының қаражаты;	средства учредителей Фонда;
7.2.2.	заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдықтары;	добровольные взносы и пожертвования юридических и физических лиц;
7.2.3.	сыйға тарту және мұрагерлік тәртібімен алынған мүлік;	имущество, полученное в порядке дарения и наследования;
7.2.4.	қорлардың, ұйымдардың қаржылық субсидиялары мен гранттары;	финансовые субсидии и гранты от фондов, организаций;
7.2.5.	заңнамада белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатудан түсетін түсімдер (кіріс);	поступления (доход) от реализации товаров, работ, услуг в установленных законодательством случаях;
7.2.6.	заңмен тыйым салынбаған басқа да	другие, не запрещенные законом

	түсімдер.	поступления.
7.3.	Қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады. Қор құрылтайшысының қор мүлкіне мүліктік құқығы жоқ.	Имущество, переданное Фонду его учредителями, является собственностью Фонда. Учредитель Фонда не имеет имущественных прав на имущество фонда.
7.4.	Қор өз мүлкіне қолданылып жүрген заңдарда белгіленген шекте дербес иелік етеді. Салық сипатындағы міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қаржы қаражаты Қордың толық қарамағына түседі және Жарғылық мақсаттарды орындау үшін пайдаланылады.	Фонд самостоятельно распоряжается своим имуществом в пределах, установленных действующим законодательством. Финансовые средства после выплат обязательных платежей налогового характера поступают в полное распоряжение Фонда и используются для выполнения Уставных целей.
7.5.	Қор өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауапты болады. Қор құрылтайшының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал құрылтайшы Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.	Фонд несет ответственность по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. Фонд не отвечает по обязательствам учредителя, а учредителя не отвечают по обязательствам Фонда.
7.6.	Қор өзінің қаржылық қызметіне жылына кемінде бір рет тексеру жүргізеді.	Фонд проводит ревизию своей финансовой деятельности не реже одного раза в год.
7.7.	Қор өз мүлкін пайдалану туралы есептерді ресми баспасөз басылымдарында жыл сайын жариялауға міндетті.	Фонд обязан ежегодно публиковать отчеты об использовании своего имущества в официальных печатных изданиях.
7.8.	Алынған қаражат есебінен келесі қорлар құрылуы мүмкін: Гуманитарлық және қайырымдылық көмек; жалақы; резервтік капитал және т.б.	За счет поступивших средств могут быть созданы фонды: Гуманитарной и благотворительной помощи; оплаты труда; резервный капитал и другие.
7.9.	Қаражаттың құрамын, мақсатын, мөлшерін, қалыптастыру және жұмсау тәртібін құрылтайшылардың жалпы жиналысы айқындайды.	Состав, назначение, размеры, порядок образования и расходование фондов определяется Общим собранием учредителей.
	8-ТАРАУ. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ	ГЛАВА 8. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
8.1.	Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.	Внесение изменений и дополнений в Учредительные документы относится к исключительной компетенции Общего собрания учредителей Фонда.
8.2.	Қордың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ақпарат қор Құрылтайшылардың жалпы жиналысының хаттамасы мен енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні не Енгізілген өзгерістер мен толықтырулары	Информация о внесении изменений и дополнений в Учредительные документы Фонда доводится до сведения регистрирующего органа в месячный срок с приложением протокола Общего собрания учредителей Фонда и текста вносимых

	бар құрылтай құжаттары қоса берілген бір ай мерзімде тіркеуші органның назарына жеткізіледі. Қордың атауы өзгерген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуге жатады.	изменений и дополнений, либо Учредительных документов с внесенными изменениями и дополнениями. В случае изменения наименования Фонда – подлежит государственной перерегистрации в органах юстиции в установленном законодательством порядке в месячный срок.
8.3.	Өндіріп алуға үмітсіз берешекті, кем шығасылар мен шығындарды, моральдық ескірген, тозған және одан әрі пайдалануға жарамсыз мүлікті Қордың балансынан есептен шығару қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.	Списание с баланса Фонда безнадежной к взысканию задолженности, недостаточности и потерь, морально устаревшего, изношенного и непригодного для дальнейшего использования имущества, производится в порядке, установленном решением Общего собрания учредителей Фонда в соответствии с действующим законодательством.
	9-ТАРАУ. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК	ГЛАВА 9. ФИНАНСОВЫЙ ГОД И ОТЧЕТНОСТЬ
9.1.	Қордың қаржы жылы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.	Финансовый год Фонда устанавливается с 1 января до 31 декабря календарного года.
9.2.	Қордың Қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебі және қаржылық есептілігін беру қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.	Бухгалтерский учет финансово-хозяйственной деятельности и предоставление финансовой отчетности Фонда ведется в порядке, установленном действующим законодательством.
	10-ТАРАУ. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР	ГЛАВА 10. ТРУДОВЫЕ И СОЦИАЛЬНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ
10.1.	Қордың үшінші тұлғалармен және еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынастары қолданылып жүрген еңбек және азаматтық заңнамаға сәйкес тараптар жасасатын нақты Еңбек және шаруашылық келісімдерде айқындалады.	Взаимоотношения Фонда с третьими лицами и трудовым коллективом определяются в конкретных трудовых и хозяйственных соглашениях, заключаемых сторонами, в соответствии с действующим трудовым и гражданским законодательством.
10.2.	Қор жүргізуге құқылы қызметкерлерді жалдауға байланысты еңбек шартын жасасумен.	Фонд вправе производить наем работников с заключением трудового договора.
10.3.	Жұмыс тәртібі еңбек заңнамасына сәйкес Қамқоршылар кеңесінің шешімімен белгіленеді.	Режим работы устанавливается решением Попечительского совета в соответствии с трудовым законодательством.
	11-ТАРАУ. ҚОРДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ	ГЛАВА 11. ПОРЯДОК РЕОРГАНИЗАЦИИ И ЛИКВИДАЦИИ ФОНДА
11.1.	Қордың қызметі қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну) жолымен тоқтатылуы мүмкін бөліп шығару және қайта құру)	Деятельность Фонда может быть прекращена путем реорганизации (слияния, присоединения, разделения, выделения и


	немесе тарату заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының:	преобразования) или ликвидации в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан по:
11.1.1.	Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша;	решению Общего собрания учредителей Фонда;
11.1.2.	сот шешімі.	решению суда.
11.2.	Қорды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді Жоғары басқару органы – Құрылтайшылардың жалпы жиналысы қабылдайды.	Решение о реорганизации или ликвидации Фонда принимаются Высшим органом управления – Общим собранием учредителей Фонда.
11.3.	Қорды қайта ұйымдастыру кезінде барлық құқықтар мен міндеттер өткізу актісіне немесе бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады.	При реорганизации Фонда все права и обязанности переходят к вновь возникшему юридическому лицу в соответствии с передаточным актом или разделительным балансом.
11.4.	Қор таратылған жағдайда, Құрылтайшылардың жалпы жиналысы тарату комиссиясын құрады, ол Қазақстан Республикасы Әділет орталық органының баспасөз басылымдарында оны тарату туралы және талаптарды қарау тәртібі мен мерзімдері туралы жарияланымды орналастырады. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Қордың істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады. Тарату комиссиясы қордың қолма-қол мүлкін бағалайды, оның дебиторлары мен кредиторларын бөледі, олармен есептеледі, бірлестіктің борыштарын үшінші тұлғаларға төлеуге шаралар қабылдайды, тарату балансын жасайды және оны Құрылтайшылардың жалпы жиналысына береді.	В случае ликвидации Фонда, Общим собранием учредителей Фонда создается ликвидационная комиссия, которая помещает в печатных изданиях центрального органа юстиции Республики Казахстан публикацию о его ликвидации и о порядке и сроках рассмотрения претензий. С момента назначения ликвидационной комиссии к ней переходят полномочия по управлению делами Фонда. Ликвидационная комиссия оценивает наличное имущество Фонда, выделяет его дебиторов и кредиторов, рассчитывается с ними, принимает меры к оплате долгов объединения третьим лицам, составляет ликвидационный баланс и предоставляет его Общему собранию учредителей.
11.5.	Қор таратылған кезде қалған мүлік пен қаражат кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін осы Жарғыда көзделген мақсаттарға жіберіледі.	При ликвидации Фонда оставшееся имущество и средства после удовлетворения требований кредиторов направляются на цели, предусмотренные настоящим Уставом.
11.6.	Қор заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін таратылған болып есептеледі.	Фонд считается ликвидированным после внесения соответствующей записи в государственный регистр юридических лиц.
	12-ТАРАУ. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	ГЛАВА 12. СВЕДЕНИЯ О ФИЛИАЛАХ И ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВАХ
12.1.	Қор Қазақстан Республикасында және шетелде Қордың Қамқоршылар кеңесі бекіткен ережеге сәйкес өз атынан әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құра алады.	Фонд может создавать филиалы и представительства в Республике Казахстан и за рубежом, действующие от имени в соответствии с положением о них, утвержденными попечительским советом Фонда.

12.2.	Қор филиалы оның тұрған жерінен бөлек орналасқан және оның функцияларының барлығын немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімше болып табылады.	Филиалом Фонда является обособленное подразделение, расположенное вне места его нахождения и осуществляющее все или часть его функций, в том числе функции представительства.
12.3.	Қордың өкілдігі оның тұрған жерінен тыс орналасқан және қор мүдделерін қорғауды және өкілдік етуді жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын оқшауланған бөлімше болып табылады.	Представительством Фонда является обособленное подразделение, расположенное вне места его нахождения и осуществляющее защиту и представительство интересов Фонда, совершающее от его имени сделки и иные правовые действия.
12.4.	Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Олар Қор мүлкімен жабдықталады және оның бекітілген ережесінің негізінде жұмыс істейді. Филиал мен өкілдіктің мүлкі жеке баланста немесе Қор теңгерімінде есепке алынады.	Филиалы и представительства не являются юридическими лицами. Они наделяются имуществом Фонда и действуют на основании утвержденного им положения. Имущество филиала и представительства учитывается на отдельном балансе или на балансе Фонда.
	13-ТАРАУ. ҚОР АТЫНАН СӨЙЛЕУ ТӘРТІБІ.	ГЛАВА 13. ПОРЯДОК ВЫСТУПЛЕНИЯ ОТ ИМЕНИ ФОНДА
13.1.	Қор халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста жоғары этикалық стандарттарды сақтауды қамтамасыз етеді.	Фонд следит за соблюдением высоких этических стандартов в отношениях с общественностью и средствами массовой информации.
13.2.	Қордың атынан сөз сөйлеу тәртібі түрлі медиа-платформаларда көпшіліктің алдында сөз сөйлеу арқылы іске асырылуы мүмкін, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), баспасөз-конференциялар, Орталық коммуникациялар қызметі (ОКҚ), интернет-порталдар және жаңалықтар сайттары, әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram және т.б.), радио арқылы эфирге шығу, ашық шаралар және форумдар және т.б.	Порядок выступления от имени Фонда может осуществляться через публичные выступления на различных медиа-платформах, включая: средства массовой информации (СМИ), пресс-конференции, Службу центральных коммуникаций (СЦК), интернет-порталы и новостные сайты, социальные сети (Facebook, Instagram и др.), радиозфиры, публичные мероприятия и форумы и т.д.
13.3.	Қор көпшілік алдында сөз сөйлеуде, өзінің ақпараттық-жарнамалық материалдарында немесе басқа да қоғаммен байланыс қызметінде жалған ақпаратты таратуға, фактілерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.	Фонд не допускает распространения недостоверной информации, сокрытия и/или искажения фактов в публичных выступлениях, в своих информационно-рекламных материалах или других мероприятиях по связям с общественностью.
13.4.	Құрылтайшылардың жалпы жиналысының мүшелері ғана Қор атынан көпшілік алдында сөз сөйлеуге, түсініктеме беруге немесе кез келген мәлімдеме жасауға құқылы.	Правом публично выступать, комментировать или делать какие-либо заявления от имени Фонда вправе только члены Общего собрания учредителей.

13.5.	Құрылтайшылардың жалпы жиналысының мүшелері Қор атынан сөз сөйлеген кезде жалпы қабылданған кәсіби мінез-құлық және іскерлік этика нормаларын сақтауға, тек сенімді ақпаратты таратуға, сондай-ақ құпия ақпараттың жариялануына жол бермеуге міндетті.	При выступлении от имени Фонда члены Общего собрания учредителей обязаны соблюдать общепринятые нормы профессионального поведения и деловой этики, распространять только достоверную информацию, а также не допускать разглашения конфиденциальной информации.
-------	--	--

Қордың Құрылтайшылары: / Учредители Фонда

1. Даданбаев Шыңғыс Серікболович
2. Темірбаев Жақсылық Әлібекұлы



Немірленіп тігілді
Прошнуровано и пронумеровано

16 парақта/на листах



Колы/Подпись

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АКМАТ ОБЛАСТЫ АКМАТ ҚИТАПХАНА-АДАБИЕТ ПАРКІ ӘЛІМ АХМЕТОВТЫҚ МЕДИА КЕҢЕТТІК КІРКЕМЕСІ	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АКМАТ ОБЛАСТЫ АКМАТ ҚИТАПХАНА-АДАБИЕТ ПАРКІ ӘЛІМ АХМЕТОВТЫҚ МЕДИА КЕҢЕТТІК КІРКЕМЕСІ
БАРДЫҚ НОВАРДЫНГЕНІ, ТІРКЕЛГЕНІ	БАРДЫҚ НОВАРДЫНГЕНІ, ТІРКЕЛГЕНІ
2024 ж. 8	14, 9
10	ЖҮРЕПЗІЛДІ
ПАРАҚ	

